## № 12 ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС

## Тақырыбы: «JOOMLA!» КОНТЕНТТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚЫЗМЕТ ЕТУІ

### Ресімдеу шаблондары мен модуль позицияларын өзгерту

Сайтты ақпараттық материалмен тоолтырғаннан кейін әдетте беттерде модульдердің орналасуы бойынша не сол шаблонның өзінде қандай да бір дәлсіздіктері табылады.

Для выбора, редактирования и замены шаблона оформления в системе управления контентом «Joomla!» контентті басқару жүйесінде ресімдеу шаблонды өзгерту мен ауыстыру, таңда үшін арнайы интерфейс «Менеджер шаблонов» бар . Ол суретте көрсетілген.




Шаблондар менеджері

Кіру үшін «Сайт» – «Расширения» – «Менеджер шаблонов» әкімшілік интерфейс менюімен қолдануға болады. Шаблондар менеджері әрбір бетте көрсетілетін бұл шаблонды «По умолчанию» бойынша орнатуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, қандай да бір шаблонды сайттың белгілі беттеріне тағайындауға мүмкіндігі бар, бұл жағдайда біз «По умолчанию» қажетті dd_education шаблонын таңдаймыз.

Контентті басқару жүйесі енгізілген HTML және CSS редакторлары бар, бұл физикалық түрде FTP-серверіне қосылмай-ақ әкімшілік интерфейс арқылы шаблон файлдарына өзгерістер енгізіп оларды қолдануға мүмкіндік береді.

Шаблондар редакторының қосымша функциялары ретінде «Удаление» және «Создание нового шаблона» болып табылады, яғни оларды жоюға және өз жеке шаблонынды құруға болады.

«Joomla!» контентті басқару жүйесінің мәліметтер қорының даталогиялық моделі Б қосымшада берілген.

Модульдер орнын өосу немесе өзгерту үшін «Менеджер модулей» пунктін қолдану керек, ол үшін келесі пунктіге кіру керек: «Расширения» – «Менеджер модулей». Модульдерді басқару интерфейсінің графикалық көрінісі келесі суретте.




Модульдер менеджері

Берілген менеджер модульдің сайттағы орнын оның жариялану параметрлерін, бірнеше модульдер жариялануы кезінде жариялану ретін баптауға мүмкіндік береді.

«Публикация» параметрі модульдің сайт бетінде көрінуін қосуға және сөндіруге мұмкіндік береді.

**Категорияларды өзгерту**

Сайтты қызмет көрсету мен оның жұмыс күйінде қолдау кезінде жиі қандай да бір категорияның атауын өзгертуге қажеттілік туындайды, не материалды бір категориядан басқа категорияға көшіру керек болады. Контентті басқару жүйесі администраторға осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін ыңғайлы интерфейс ұсынады.

Категория атауын өзгерту үшін «Менеджер категорий» бөліміне кіру керек. Ары қарай бізді қызықтыратын категорияға кіреміз және «Имя категории» және «Заголовок категории» өрістерін өзгертеміз.




Категориялар менеджерін таңдау

Контентті басқару жүйесі материалдарды басқа категорияға өткізу үшін біз "Менеджер материлов" бөліміне кіреміз де онда қажетті материалды таңдап ондағы "Категория" өрісінде қажетті категория таңдаймыз да сақтаймыз. Категориялар менеджері интерфейсі келесі суретте көрсетілген.




Категориялар менеджері

## Меню блоктарын өзгерту

Сайт менюі – бұл нұсқағыштар, олар бойынша қолданушылар хабардар бола алады. Өзекті, дұрыс-құрылған және қолдануда ыңғайлы менюден қолданушы өзіне қажетті ақпаратты таба ма сол тәуелді болады.

Контентті бақару жүйесі «Joomla!» меню сілтемелерімен дұрыс жұмыс істеуге, түрлі элементтерді құруға, көрінудің стильдік параметрлерін өзгертуге, бір бетте бірнеше менюді құруға мүкіндік береді.

Менюді баптау үшін «Менеджер меню» қолдану керек, оған кіру үшін әкімшілік интерфейс басты беттіндегі Менеджер меню батырмасын басу арқылы өтуге болады.




Меню менеджері

Меню редакторы түрлі элементтерін құруға, өзгертуге, жариялауға, жариялаудан алып тастауға, құлыптауға, жоюға, басты етіп қоюға, қайта құруға мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі бір категорияны жоймай-ақ сілтемені өзгерту мүмкіндігі бар. Ол үшін «Категория» өрісінде қажетті сәлтемені таңдап, оған жаңа мән енгізу керек.

«Joomla!» контентті басқару жүйесінде меню менеджерінің бір функциясы сайттың белгілі беттерінде сілтеменің жариялануын шектеу болып табылады CMS мүмкіндіктері қандай беттерде қандай да бір сілтемелер көрінуі керек, ол қай беттерде жарияланбауын көрсетуді жүзеге асырады.

Ұқсас шектеулер қолданушылар тобында да бар, олар үшін менюдің кейбір элементтері үшін қол жетімділік артықшылықтары беріледі.

**Ақпараттық материалды өзгерту**

Сайт редакторлары мен авторлары материалды жариялау сұрақтарымен күн сайын кездеседі. Контентті басқару жүйесі тек қана жаңа материалды жариялауға ғана емес, сонымен қатар ыңғайлы графикалық мәтін редакторы көмегімен оны өзгертуге, жоюға, көшіруге және орнын басқа материалға ауыстыруға мүмкіндіктерін береді. Жоғарыда аталып өткен барлық әрекеттер статикалық материалдармен қатар сонымен бірге қандай да бір категориялардағы материалдармен орындауға мүмкіндік береді.

Жазбаларды өзгерту «Материалы» – «Менеджер материалов» таңдау арқылы жүзеге асырылады, немесе бірден Менеджер материлов таңдау арқылы кіруге болады.

Қажетті материалды таңдағаннан кейін, администратор материалды құрудаңы ұқсас интерфейске кезігеді. Бұл интерфейсті келесі суретте.




«Joomla!» JCE материалдар редакторы

Барлық бастапқы функциялар қол жетімді яғни өзгерту кезінде де қолдануға болады. Категорияны өзгертуге болады. Барлық мәтін редакторлеріндегідей функциялар бар. Материалды өзгерткеннен кейін, «Сохранить» батырмасын басу керек.

**Ақпараттық резервті көшірмесін құру**

Резервті көшіру веб-ресурсты ерікciз мәліметтерді жоғалтудан қауіпсіздендіруде пайдалы. Бағдарламалық қате, бұзу, немесе ақпаратты жоғалту болған кезде де, резервті көшіру қайт қалпына келтіруге және соңғы қажетті күйге дейін мәліметтер қорын және контеннті басқару жүйесі файлдарын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Файлдарды резервті көшіру үшін контентті басқару жүйесінде «JoomlaXplorer» компонент қолданылады. Компонентке кіру әкімшілік интерфейстегі «Компоненты» – «JoomlaXplorer» арқылы жүзеге асырылады. Оның сырты көрінісі суретте.




«JoomlaXplorer» компонент интерфейсі.

Компонент файлдарды көшіру, тасымалдау, жою, атын өзгерту, кеңейтілуін өзгерту және архивтеу бойынша кең мүмкідіктерге ие.

Резервті көшірмені жасау үшін контентті басқару жүйесі «htdocs» бумасын белгілеп және «Архивировать» батырмасын басу керек. Пайда болған терезеде администратор файл аты мен архив типін таңдайды.




Веб-сайт резервті көшірмесін құру

Сәтті құрудан кейін архив ішінде сайтты барлық файлдық құрылымы орналасады.

Контентті басқару жүйесінде файлдар барлық функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді, бірақ веб-сайттың ақпаратттық мәліметттерінен тұрмайды. Барлық материалдар мен баптаулар MySQL мәліметтер қорында сақталады. МҚ резервті көшіруі үшін «PHPMyAdmin» қосымшасы қолданылады.

«PHPMyAdmin»-мен жұмыс істеу үшін сайтта өз атың мен құпия сөзді енгізіп тіркелгеннен кейін https://phpmyadmin.hc.ru/ жолымен орындалады.

Сәтті кіргеннен кейін «Экспорт» батырмасын басу керек. Пайда болған бетте мәліметтер қорын – «myebook» таңдау керек, мәліметтер қоры кодировкасы – «utf8_general_ci» таңдап, архтв типін – «zip» таңдап «ОК» батырмасын басу керек. Мәліметтер қорын экспорт терезесі.




Мәліметтер қорын файлға экспорттау